

Қарағанды облысының білім басқармасы
«Қарағанды гуманитарлық колледжі» КМҚК

КУРСТЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Жай сөйлем және оның түрлерін мектепте оқыту әдістемесі»

Студент: Әнетбек Г.
Жетекші: Касимова А.Ж.
Қазақ тілі және әдебиеті
пәндерінің оқытушысы

2016 - 2017 оқу жылы

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

I ТАРАУ ЖАЙ СӨЙЛЕМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

1.1. Жай сөйлем және оның түрлері

1.2. Жай сөйлемнің зерттелу жайы

II ТАРАУ ЖАЙ СӨЙЛЕМДІ МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУ

2.1. Жай сөйлемнің мектепте оқытылу жайы

2.2. Жай сөйлемнің түрлеріне қарай талдау

2.3. Тіл дамытуды жүргізу жолдары

ҚОРЫТЫНДЫ

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

ҚОСЫМША

- Кіріспеде синтаксистің түрлері жайлы айтылып, курстық жұмыстың мақсаты, міндеті, өзектілігі және болжамы айқындалады.
- Бірінші тарауда жай сөйлем туралы анықтамалар, оның айтылу мақсатына қарай және тұрлаулы мүшелердің қатысу қатыспауына қарай түрлері, жай сөйлемді зерттеген ғалымдар және олардың еңбектері туралы айтылады.
- Екінші тарауда жай сөйлемнің мектепте оқытылу жайы, жай сөйлемді талдау жолдары, синтаксистік жаттығулар және жай сөйлемді оқу арқылы тіл дамыту жолдары қарастырылады.
- Қорытындыда курстық жұмыстың қандай нәтижелерге жетіп, жай сөйлемнің және оған арналған жазба жаттығуларының маңызы, мектепте оқытылуы, қорытындыланады.

Курстық жұмыстың мақсаты: Қазақ тіл білімінде жай сөйлемнің өзіндік ерекшелігін, айтылу мақсатына, сөйлем мүшелерінің қатынасына қарай түрлерін таныту. Жай сөйлемнің зерттелу жайы туралы қазақ ғалымдарының еңбектерімен таныстыру. Жалпы білім беретін орта мектептерде жай сөйлемді оқытуда тиімді әдістерді пайдалана білу, жай сөйлемді түрлеріне қарай талдауды таныстыру.

Курстық жұмыстың міндеттері:

- тілге қатысты ғылыми-практикалық жаңалықтарға сүйене отырып, жай сөйлемді оқыту барысында тіл дамыту жұмысын жүргізудің мазмұнын, жолдарын, әдіс-тәсілдерін айқындау.
 - жай сөйлемді оқытудағы тіл дамыту жұмыстарының қазіргі жағдайын анықтау;
 - жай сөйлемді зерттелуімен және зерттеуші ғалымдармен таныстыру
 - жай сөйлемнің түрлеріне қарай талдау
- Осы міндеттерді орындау арқылы негізгі мақсатқа қол жеткізіледі.
-

Зерттеудің ғылыми болжамы:

Егер жай сөйлемдерді оқыту бағдарламалық талаптарға сай жүйелі жүргізілсе; жай сөйлемді оқытуда оқушылардың тілін дамыту, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес материалдарды сұрыптап, оны меңгертудің тиімді әдіс-тәсілдері арқылы жүзеге асырылса; жай сөйлемді оқыту оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілсе, онда оқушылардың тілін дамытуға негіз болады.

I ТАРАУ ЖАЙ СӨЙЛЕМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

1.1. Жай сөйлем және оның түрлері

Жай сөйлем құрылыс жағынан аса күрделі болмағанымен, көлемі, құрамы әр кез біркелкі бола бермейді. Және жай сөйлемдерді ерекшеліктеріне қарай осындай топтарға бөлуге болады:

**Жалан,
жайылма
сөйлемдер**

**Толымды,
толымсыз
сөйлемдер**

**Жақты,
жақсыз
сөйлемдер**

**Атаулы
сөйлем**

**ЖАЙ
СӨЙЛЕМ**



**Сөйлемде бастауыш болу,
болмауына қарай**

Жақты

Жақсыз

Жақты сөйлем

Жақты сөйлем – құрамына бастауышы қатысқан немесе жасырын тұрса баяндауыш арқылы табуға болатын жай сөйлем түрі.

1) Балалар кітапханаға кірді.

2) Айтқан тапсырмаларын уақытында орындадық.

1. Алғашқы сөйлемнің бастауышы – **балалар**,
баяндауышы – **кірді**.

2. Екінші сөйлемнің баяндауышы – **орындадық**
сөйлемде анық тұрғанымен, бастауыш

берілмеген. Дегенмен бастауышты баяндауыш
арқылы тауып ала аламыз, **орындадық** етістігі

1- жақта, көпше түрінде тұр, яғни бастауышы – **біз**.

Жақсыз сөйлем

Жақсыз сөйлем – баяндауыштың өзі ғана сол сөйлемге негіз, ұйытқы болатын жай сөйлем түрі.

Мысалы: Сабақтан кешігуге болмайды.

Жақсыз сөйлемнің баяндауыштары мынадай тұлғада келеді:

1. -қы, -кі, -ғы, -гі жұрнақты қалау рай етістікке кел көмекші етістігі тіркесіп келеді: айтқысы келді.

2. Тұйық етістікке керек, жөн, мүмкін, тиіс сияқты сөздер тіркесіп келеді: баруы керек, айтуы тиіс т.б.

3. -ып, -іп, -п жұрнақты көсемшеге бол (көбіне болма тәрізді болымсыз түрінде) көмекші етістігі тіркесіп келеді: айтып болмайды, ұғып болмайды.

4. Баяндауыш құрамында бастауыш тұлғалы сөзі бар, бірақ сөйлем мүшелеріне жіктеуге келмейтін тұрақты тіркестерден болады: шек сілесі қатты, шарасы қалмады.

Жалаң

- Тұрлаусыз мүше қатыспаған жай сөйлемнің түрі.
- Мысалы: Біз барамыз, олар да келеді.

Жайылма

- Тұрлаусыз мүше қатысқан жай сөйлемнің түрі.
- Мысалы: Әбішті кім орысша оқытып жүргенін Ұлжан айтты.

A large arrow pointing to the right, composed of several colored segments: pink, green, yellow, red, light green, purple, and red. The arrow has a white rectangular box in the center containing text.

Айтылуға тиіс тұрлаулы мүшелердің барлығы қатысқан жай сөйлемнің түрін толымды сөйлем дейміз.

A large arrow pointing to the right, composed of several colored segments: yellow, green, red, light green, blue, purple, and light green. The arrow has a white rectangular box in the center containing text.

Айтылуға тиісті сөйлем мүшелерінің бірі түсіп қалған жай сөйлемді толымсыз сөйлем дейміз.

Мысалы: 1) Кәлен бір ытқып сыртқа шықты.

2) Күпі сыртынан қайыс белбеуін буып алды.

3) Көзінен жасы ыршып кетті.

Осы үш сөйлемнің алдыңғысы – толымды сөйлем, өйткені оны сөйлем етіп тұрған баяндауышы (не істеді? - шықты) да, бастауышы да (кім шықты? – Кәлен) бар және сөйлем білдіретін ойға қатысты пысықтауыш (қайда шықты? – сыртқа және қалай шықты – бір ытқып) та жұмсалған.

Екінші сөйлемде баяндауыштың (не істеді? – буып алды) иесі бастауыш жоқ, сөйлемде түсіп қалған, бірақ оны табуға болады: кім буып алды? – ол (Кәлен).

Үшінші сөйлемде көзінен сөзінің анықтауышы (кімнің көзінен?) түсіп қалған. Сондықтан екінші, үшінші сөйлемдер толымсыз сөйлемдер деп танылады.

Атаулы сөйлем – ойды білдірмей, тек соған байланысты заттың құбылыстың, мезгілдің, мекеннің аты аталып көрсетілетін жай сөйлемнің ерекше түрі.

Атаулы сөйлем жеке дара қолданылатындық – тан, шартты түрде сөйлем деп танылады. Бірақ оның мәні тек өзінен кейін қолданылған сөйлемдер арқылы түсініледі. Атаулы сөйлем өз ішінде сөйлем мүшелеріне жіктелмейді.

Мысалы:

**Кеш. Ымырт жабылған кезі. Көкшетау маңы.
Айнадай тұнық сулы Көлшүмектің қасы.
Көлшүмектің жағасындағы көк ала қамыс, судыр
құрғақтар айнаның жиегіне салынған салынған
әдемі өрнек сияқты.**

**Мұнда берілген 4 сөйлем мезгілді (1-2 сөйлемдері
кеш және ымырт жабылған кез) және мекенді (3-4
сөйлемдер: Көкшетау маңы және айнадай
Көлшүмектің қасы) атап қана тұр.**



1.2. Жай сөйлемнің зерттелу жайы

Жай сөйлемді зерттеген ғалымдар және олардың еңбектері

Ахмет Байтұрсынұлы

- «Тіл тағылымы»
- «Тіл-құрал»
-

С.Жиенбаев

- «Сөйлемнің үйірлі мүшелері туралы»

С.Аманжолов, Н.Сауранбаев

- «Қазақ тілінің грамматикасы»

С.Аманжолов

- «Қазақ тілі ғылыми синтаксисінің қысқа курсы»

Құдайберген Жұбанов

- «Қазақ тілі жөнінде зерттеулер»

Н.Сауранбаев

- «Қазіргі қазақ тілі»

О.Төлегенов

- «Жалпы модальді және мақсат мәнді жай сөйлем типтері»

М.Балақаев


- «Жай сөйлем синтаксисі»

A vibrant photograph of a waterfall in a dense, green forest. The water flows over mossy rocks into a pool below, which perfectly reflects the surrounding foliage and the waterfall itself. The scene is framed by a blue border.

**II ТАРАУ ЖАЙ СӨЙЛЕМДІ МЕКТЕПТЕ
ОҚЫТУ**

8-сынып, «Қазақ тілі» оқулығы,
авторы –
С. Аманжолов,
А. Аманжолов,
Г. Қосымова.
Алматы, «Мектеп»
2004 жыл.

2004 ЖЫЛ
АЛМАТЫ «МЕКТЕП»
Г. ҚОСЫМОВА




ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІ

8 - сыныптың оқу бағдарламасы бойынша - 102 сағат. Апталық сағат саны – 3 сағат.

Оқу жылының ІІ тоқсанында «Жай сөйлем және оның түрлері» 10 сағатта өткізіледі.

8-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқулығында «Жай сөйлем» тақырыбына 33 жаттығу берілген.



Бақылау
диктант.

2 сағ.

2)Жалаң,
жайылма
сөйлемдер.
2 сағ.

1)Жай сөйлем
туралы түсінік.
Жақты, жақсыз
сөйлемдер.

2 сағ.

3)Толымды,
толымсыз
сөйлемдер.
2 сағ.

Жай сөйлем
түрлерінен
өткенді
қайталау.
1сағ.

4)Атаулы
сөйлем.
1 сағ.



69-жаттығу.

Сөйлесуде сөйлем басында *жоқ* пен *иә* қолданылғанда, өздерінен кейінгі сөздерден олар үтірмен бөлінеді. Диалогті оқып шығындар да, әрбір сөйлемнің жақты сөйлем екендігін дәлелдеңдер.

–Өзіңіз сөйлесесіз бе?

–Иә, өзім сөйлесемін.

–Көшеге шықса деймін.

–Жоқ, сіздің келетініңіз жайында ол маған еш нәрсе деген жоқ.

–Сәуле кеді ме, апа?

–Иә, бүгін келді.



71-жаттығу.

Бастауышы айтылмай тұрған сөйлемдердің бастауышын баяндауыш арқылы тауып, жақша ішіне қойып, көшіріп жазындар.

Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла,
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма.

Абай болашақ ұрпаққа сөзін осылай арнады. Өткеннің құлазыған ғасырларынан өзіне бейтаныс, басқа, бірақ болашаққа сенімді жол салған ақынның айтқан сөзі еді. Даланы торлаға надандық түнегіне шамшырақтай сәуле төкті және таңы атып, күні шығатын жаққа апаратын жолды өз халқына талмастан көрсетті.

Иә, өзі өмір кешкен және өлең жазған ғасыр үшін Абай жұмбақ болды. Ал біз үшін жұмбақ па?

(М.Әуезов)



72-жаттығу.

Берілген сөздерді бастауыш етіп, баяндауышын әр түрлі сөз табынан жасап, жақты сөйлем құрастырындар.

Өзім, олар, бұл, сіз, жер, ел, оралмандар, үшеуіміз.

Жаттығу жұмыстары. Синтаксистік жаттығуларға сөз тіркесі, жай сөйлем түрлері, құрамалас сөйлем түрлері мен пунктуацияға байланысты жаттығулар жатады. Оқушылардың осы бөлімдерден алған білімін бекіту мақсатында жүргізілетін жаттығуларға мынандай талаптар қойылады:

- 1) белгілі бір жаттығуды орындау үшін оқушыларда оны орындай алатындай білім, білік болуы шарт;
- 2) оқушылар жаттығуда не орындайтынын, оның қандай пайдасы барлығын түсініп орындағаны абзал;
- 3) жаттығу оқушының тілге қызығушылығын, ынтасын, ықыласын арттыруға тиіс;
- 4) жаттығулар кездейсоқ болмай, белгілі бір жүйемен орындалып отырылуы қажет;
- 5) жаттығу жұмыстары тек өтілген материалдарға ғана байланысты болмай, бұрын өтілген материалдарды да қайталауға мүмкіндік туғызуы шарт;

Жай сөйлемнің түрлеріне қарай талдау олардың мағынасы мен құрылысына қарай бірнеше түрге бөлінеді:

а) *Жай сөйлемдерді мағынасына қарай талдау.* Сөйлемдерді айтылу мақсатына қарай салыстырып, өзара айырмашылықтарын айтқызады және жасалу жолдарына қарай талдатып, дәлелдетіреді.

Асқар ауылға келді. Асқардың ауылға келгендігін хабарлап тұр. Сөйлем аяғында дауыс бәсеңдейді. Мұндай хабарлы сөйлемдерді жазғанда, сөйлемнің соңына нүкте қойылады.

ә) *Жай сөйлемдерді жалаң, жайылма болып бөлінуіне қарай талдау.* Мұнда тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелерін таптырып, жалаң, жайылма сөйлемдердің өзіне тән белгісін айтқызады.

Біз табысты болдық. Бұл – жалаң сөйлем. Бастауыш пен баяндауыштан құралып тұр. Бастауыш – біз, есімдіктен; баяндауышы – табысты болдық, зат есім мен етістіктің тіркесінен болған.

б) *Жай сөйлемдерді тұрлаулы мүшелерінің толық болу-болмауына қарай талдау.* Жай сөйлемдердің толымды, толымсыз екенін ажыраттырып, толымды, толымсыз болудың шарттарын айтқызады.

Абай балаға бар денесімен шұғыл бұрыла қарады.

Құрылысы жағынан алғанда – жай сөйлем. Жай сөйлем ішінде толымды сөйлем.

Толымды сөйлем болатын себебі: сөйлемнің бастауышы да, баяндауышы да бар. Бастауышы – Абай, зат есімнен, баяндауышы – қарады, етістіктен.

- *в) Жай сөйлемдерді сөйлем мүшелерінің байланысына қарай талдау.* Мәтіннен жақты, жақсыз сөйлемдерін таптырып, оның жақты, жақсыз болу себептерін нақтылы мысалдар арқылы дәлелдеттіреді.

Еңбек етсең, ерінбе. Бұл – жақты сөйлем, белгілі бір жақта айтылып, бастауышы мен баяндауышы қиысып тұр. Бастауышы сөйлем ішінде айтылмағанмен, оны баяндауышына сұрақ қою арқылы табуға болады. (Кім ерінбеу керек? Сен.)

- *г) Атаулы сөйлемдерді түрлеріне қарай талдату және олардың белгілерін өзара салыстырып отыру – жай сөйлемдерді талдаудың бір түрі.*
- **1. Түн. 2. Айсыз аспан.** Бұлар – атаулы сөйлемдер. Сөйлем ретінде қолданылып тұрған зат атаулары. Не? деген сұраққа жауап болып, атау мағынасында тұр.

2.1. Тіл дамытуды жүргізу жолдары

Тіл қарым-қатынас жасаудың жолы болса, сол қарым-қатынас жасауда адамның өз ойын жеткізуінің негізгі формасы – сөйлем. Басқаша айтқанда, сөйлем – пікір алысуды, қарым-қатынас жасауды қамтамасыз ететін тілдік материалдың біртұтас бөлшегі. Бұл жерде сөйлемнің жеке компоненттері, олардың өзара байланысу заңдылықтары мен құрылу принциптері, сөйлемнің сөзден айырмашылығы бар үлкен единица екенін анықтайтын басты белгілері туралы айтыпжатудың қажеттілігі жоқ деп ойлаймыз. Адам ойының әр алуандығы оны айту үшін жұмсалатын сөйлемдердің құрамы мен түрлерінің әртүрлі болып келуіне ықпал етеді. Соның бірі – жай сөйлем. Жай сөйлем грамматиканың синтаксисі деп аталатын саласының объектісі ретінде қарастырылады. Ал орта мектепте қазақ тілін оқытуға арналған бағдарламада жай сөйлем синтаксисі жеке курс ретінде оқытылып, мұнда оқушыларға жай сөйлемнің түрлері, сөйлем мүшелері, бірыңғай мүше, оқшау сөз т.б. грамматикалық белгілерін ажырата білуге, сөздерді синтаксистік құрылымда ауызекі сөйлеу мен жазу тлдерінде дұрыс қолдануға дағдыландырып, курс бойынша жүйелі, толық білім беру қамтылады.

Жай сөйлемді оқытумен байланысты тіл дамыту жұмысын ұйымдастырудың негізгі мақсаты – жай сөйлемнің объектілерін оқыту тұсында оқушының сөздік қорын жетілдіру және оны өз ойын ауызша, жазбаша түрде де грамматикалық, тсилистикалық жағынан дұрыс бере білуге үйрету.

Жай сөйлемді оқыту барысында жүргізілетін тіл дамыту жұмысының бір бөлімі – оқушылардың сөздік қорын жетілдіру мақсатында сөздік жұмысын ұйымдатыру болса, екіншісі – тілдегі грамматикалық амал-тәсілдерді дұрыс жұмсай білуге үйрететін жаттығу жұмыстары. Оқушылардың ойын ауызша да, жазбаша да сауатты жеткізе білуін қамтамасыз ету үшін бұл екі жұмыстың бір-бірінен ажарымай, қатар жүріп отыруы міндетті.

Сондықтан жай сөйлемді оқыту негізінде жүргізілетін тіл дамыту жұмысының бір тармағы сөздік жұмысына арналса, екіншісі – балаларға тілдегі грамматикалық амал-тәсілдерді дұрыс жұмсай білуді үйрететін жаттығу жұмыстары.




Қорытынды: Қазақ тілінде жай сөйлем, оның түрлері, зерттелу жайы, оқытылу жолдарының өзіндік орны бар. Мектепте жай сөйлемді оқыту жүйесі қалыптасқан. Көп жағдайларда оқушылар жай сөйлемнің түрлерін ажырата алмай жатады. Жазба жұмыстарында тыныс белгілерінен қате жіберіп жатады. Осы ретте синтаксистік жаттығулардың маңызы зор. Міне, синтаксис саласындағы сөйлем, оның ішіндегі «Жай сөйлем» тақырыбы көлемінде берілетін жаттығуларды оқушыларға дұрыс меңгерту арқылы мұндай қателер жібермейтін болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. А. Байтұрсынов. Тіл тағылымы – қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері, Алматы – 1992.
2. А. Касимова Г. Муханова «Қазақ тілі пәнінен жүргізілетін талдау жұмыстары», Қарағанды – 2016.
3. Б. Кәтенбаева Қазақ тілі сабақтарында тіл дамыту (Методикалық нұсқау)
4. Б. Қапасова «Қазақ тілі», 140 - 144 бет
5. «Қазақ тілі» энциклопедия, Алматы – 1998.
6. Қ.Жұбанов. «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер», Алматы –1999.
7. М. Балақаев «Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту» – Алматы – 1989.
8. Н.Сауранбаев. «Қазіргі қазақ тілі», Алматы – 1954
9. Р. Әмір «Қазақ лингвистикасы және лингводидактика мәселелері», Алматы – 2006.
10. С.Аманжолов «Қазақ әдеби жөніндегі синтаксисінің қысқаша курсы». Алматы – 1994.
11. С. Исаев «Сөйлемді грамматикалық талдаудың тәсілдері», Алматы – 1985.
12. Т. Қордабаев «Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдары», Мектеп – 1987.
13. Т. Қордабаев «Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлем синтаксисі», Алматы – 1995.
14. www.google.kz



The image features a light blue gradient background. On the left side, there are three stylized balloons: a yellow one at the top, a white one in the middle, and a purple one at the bottom. Each balloon has a yellow streamer and several yellow triangular shapes radiating from it, resembling a sun or a party decoration. The text is centered and written in a blue, italicized, sans-serif font.

*Назарларыңызға
рахмет!*